



ЭКОНОМИКС

Фискалдық саясат





Дәрістің жоспары:

1. Фискалдық саясаттың жиынтық сұранысқа ықпалы.
2. Экономиканы тұрақтандыру саясаты.
3. Фискалдық саясаттың жиынтық ұсынысқа ықпалы. Лаффер қисығы.

Фискалдық саясаттың жиынтық сұранысқа ықпалы

Үкімет экономиканың мінез-құлқына және жиынтық сұраныстың деңгейіне фискалдық саясат құралдарын қолдану арқылы ықпал етеді. Фискалдық саясат мемлекеттік сатып алулар мен салық салуды өзгерту жолымен экономикаға саналы түрде араласады. Фискалдық саясат қысқа мерзімде және ұзақ мерзімде өз нәтижесін береді. Қысқа мерзімдегі нәтижесін экономикада өндірілген нақты жиынтық өнім көлеміне деген жиынтық сұранысқа әсерінен көруге болады. Ал ұзақ мерзімдегі нәтижесі жинақтар мен инвестицияларға, экономикалық өсуге деген ықпалынан байқалады.

Фискалдық саясат – экономиканың күрделі мәселелерін шешу мақсатында үкіметтің мемлекеттік сатып алулар мен салық салу деңгейін саналы түрде өзгерту арқылы экономикалық белсенділік деңгейіне әсер ету шаралары.

Фискалдық саясаттың екі құралы бар деп айттық. Соларға тоқталайық.

Фискалдық саясаттың бірінші құралы – бюджет шығындарын өзгерту немесе мемлекеттік сатып алулар. Мұнда үкімет экономиканың белсенділік деңгейіне байланысты мемлекеттік шығындарды мақсатты түрде өзгертіп отырады.

Егер экономиканың белсенділік деңгейі және жиынтық сұраныс көлемі төмендесе, онда үкімет тұрақты салық салу деңгейінде мемлекеттік шығындарды ұлғайтып, сатып алуларды көбірек іске асырады. Бұл белсенді фискалдық саясат деп аталады және қысқа мерзімде бюджет тапшылығына алып келеді.

Егер экономикалық белсенділік деңгейі және жиынтық сұраныс көлемі көтерілсе, сондай-ақ, экономиканың инфляциялық қызып кетуінен сақтану үшін, үкімет тұрақты салық салу деңгейінде мемлекеттік шығындарды қысқартып, сатып алуларды азайтады. Бұл енжар фискалдық саясат деп аталады және қысқа мерзімде бюджет артықшылығына алып келеді.

Бірінші жағдайда, үкімет жиынтық сұранысты ынталандырып, жұмыссыздық мәселесін шешуді қолға алады.

Екінші жағдайда, үкімет жиынтық сұраныстың өсуін тежеп, инфляция мәселесін шешуді қолға алады.

Фискалдық саясаттың осы құралының қолданылуын «Экономикс» оқулығының 735-бетіндегі 34.4-сызбасы арқылы түсіндіруге болады. Мұнда фискалдық саясаттың проблемасы – «ығыстыру әсері» құбылысы орын алады. Егер үкімет жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында мемлекеттік бюджет шығындарын көбейтсе, онда табыс артады, ол адамдардың тауарлар мен қызметтерді сатып алуы үшін ақшаға сұранысты арттырады. Ақшаға сұраныстың артуы ақша ұсынысының тұрақтылығы жағдайында пайыз мөлшерлемесінің өсуіне себеп болады. Пайыз мөлшерлемесінің өсуі инвестицияларды төмендетіп, оларды экономикадан ығыстырып шығарады. Мемлекеттің шығындардың артуы салдарынан инвестициялардың бір бөлігі ығысып, нәтижесінде жиынтық сұраныс көлемі төмендейді. Алайда, фискалдық саясаттың ығыстыру әсеріне қарамастан, жиынтық сұранысты арттырудағы бұл саясаттың ықпалы өз нәтижесін береді.

Фискалдық саясаттың екінші құралы – салық салу мөлшерлемесін өзгерту. Осы құралдың механизмін түсіндірейік. Егер үкімет жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында азаматтардың жеке табыс салықтарын қысқартса, онда үй шаруашылықтарының қолда бар табыстары артады. Олардың табыстары артқаннан кейін, табыстың бір бөлігін қазір тұтынуға жұмсайды және қалған бөлігін болашақтағы тұтынуға қалдырып, жинақтайды. Нәтижесінде жиынтық сұраныс ұлғаяды. Алайда, мұнда да ығыстыру әсері мәселесі орын алады. Салық салу тетігінің жиынтық сұранысқа әсерін «Экономикс» оқулығының жоғарыда көрсетілген сызбасы арқылы да көрсетуге болады.



Экономиканы тұрақтандыру саясаты

Жалпы алғанда, фискалдық саясаттың құралдарын іске қосу арқылы жиынтық сұранысты ынталандыру мен ұлттық табысты ұлғайту қысқа мерзімде мультипликатордың нәтижесіне сәйкес жүргізіледі. Осындай нәтиженің орын алатындығын экономикаға мемлекеттің араласуын жақтайтындар – кейнсиандықтар алға тартады. Мультипликатор эффектісі мемлекеттік шығындарды және салық салуды бір мәрте өзгерту есебінен, соңында ұлттық табыстың бірнеше есе өзгеруін көрсететін сандық көбейткіш болады. Бірақ, ығыстыру әсері мен мультипликатор эффектісінің нәтижесін үнемі салыстырып отыру қажет. Егер мультипликатор әсері ығыстыру әсерінен жоғары болса, онда фискалдық саясат тиімді және керісінше, мультипликатор әсері ығыстыру әсерінен төмен болса, онда фискалдық саясат тиімсіз болады.

Мультипликатор және фискалдық саясат арасындағы байланыс, фискалдық мультипликатор туралы мысалды «Экономикс» оқулығының 727-бетінен оқуға болады.

Кейнсиандық теория тұрғысынан фискалдық саясаттың көмегімен жиынтық сұранысты ынталандырудың нәтижесінде бюджеттің баланстылығы сақталмайды және мемлекеттік бюджет шығындары мен кірістері сәйкес келмейді.

Кейбір экономистердің пікірінше, бюджеттің баланстылығын ұстап тұрып, яғни, мемлекеттік бюджет шығындары мен салық салуды бірдей көлемде өзгерту арқылы да ұлттық табыс пен жиынтық сұраныстың ұлғаюына қол жеткізуге болады.

Балансталған бюджет – мемлекеттің салықтық түсімдерден және пайыздық мөлшерлемеден алған қаражаттың жалпы сомасы оның пайыздар бойынша міндеттемелерді қосқандағы шығындар көлеміне тең болуы.

Кейбір экономистер мемлекет экономиканы тұрақтандыру үшін фискалдық саясатты белсенді түрде қолданудан аулақ болуы қажет деген пікірді ұстанады. Бұлар мемлекеттің экономикаға араласуына қарсы шығатындар – классикалық теорияны жақтаушылар. Белсенді фискалдық саясатқа қарсы басты дәлел – кешігушілік. Экономиканы тұрақтандыруда бұл саясат кешігіп барып жұмыс істейді. Әрине, мемлекеттік шығындардағы және салық салудағы өзгерістер экономикаға айтарлықтай әсер етеді. Дегенмен заң шығару арқылы мемлекеттік шығындар бағдарламасын қолдану шешімі және оның жүзеге асырылуының арасында айтарлықтай көп уақыт өтуі мүмкін.

Классикалық теорияның айтуынша, фискалдық саясаттың уақыттық кешігушілігінен құтылу үшін автоматты тұрақтандырғыштарды қолдану қажет. Автоматты тұрақтандырғыштар – үкіметтің арнайы заң шығаруын талап етпей, қандай да бір арнайы саяси шешімдерсіз өтетін, рецессия кезіндегі жиынтық сұранысты ынталандыруға бағытталған фискалдық саясаттағы өзгерістер. Автоматты тұрақтандырғыштардың ең маңызды құралы – үдемелі салық салу жүйесі. Экономикада дағдарыс болғанда, мемлекеттік бюджетке келіп түсетін салықтық түсімдер көлемі автоматты түрде төмендейді. Экономикалық белсенділік жанданса, онда салықтық түсімдер артады. Бұл автоматты салық салу тәртібіндегі өзгерістер жиынтық сұранысты өзгертеді және сол арқылы экономикалық тербеліс көлемін қысқартады.

Мемлекеттік бюджет шығындары да автоматты тұрақтандырғыштар ретінде жұмыс істейді. Экономикада дағдарыс болғанда, жұмысшылардың көпшілігі қысқарады және жұмыссыздар жұмыссыздықтан сақтандыру төлемдеріне, әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жәрдем-ақыларға және ақшалай жәрдемақыларға жүгіне бастайды. Осындай шараларға жұмсалатын мемлекеттің қосымша шығындары экономикалық белсенділікті жандандыруға көмектеседі. Мемлекеттік шығындардың осылай артуы жиынтық сұранысты және жұмыспен қамтуды ынталандырады.

Алайда автоматты тұрақтандырғыштар экономиканы дағдарыстан толығымен алып шыға алмайды. Дегенмен автоматты тұрақтандырғыштарсыз өндіріс көлемі мен жұмыспен қамту деңгейі едәуір тұрақсыздыққа душар болар еді.

Үкімет экономикалық белсенділікті өзгерту үшін фискалдық саясатты қолдану арқылы қандай да бір өзгерістер жасамас бұрын өз шешімдерінің барлық ықтимал нәтижелерін ескеруі қажет.



Фискалдық саясаттың жиынтық ұсынысқа ықпалы. Лаффер қисығы

Жиынтық ұсынысты реттеу тарапынан экономиканың белсенділігін көтеру саясатын жақтаушыларды ұсыныс экономикасы теориясы деп атайды. Бұл теория мемлекеттік секторға қарағанда, нарықтық жолмен ресурстарды барынша тиімді бөлуге болады деп есептейді. Ұсыныс экономикасының өкілдері классикалық теорияның ізбасарлары болады. Мұндай жағдайда, үкімет экономиканы реттеуге араласатын болса, онда ұсыныс тарапынан жүргізілетін саясатты жақтаушылардың пайымдауынша, оның іс-шаралары инфрақұрылымды дамыту, ғылыми-зерттеушілік және конструкторлық жұмыстарды арттыру және білім беру саласына инвестициялар салу сияқты экономиканы көтермелейтін ресурстарға инвестиция тартуға бағытталуы керек.

Жиынтық ұсынысты реттейтін фискалдық саясат теориясы 1980-шы жылдары дамыған елдерде стагфляциямен күрес жүргізу кезінде пайда болды. Ұсыныс экономикасы теориясының басты өкілі американ экономисі Артур Лаффер болды. Оның «Ұсыныс тарапынан төңкеріс» деп аталған идеясы экономиканың жеке секторының инвестициялық белсенділігін арттыру үшін салық жүйелерін реформалау, еңбек нарығын жақсарту және кәсіпкерлік қызметті ынталандыру шараларын дамытуға бағытталады.

Артур Лаффер өзінің әйгілі Лаффер қисығы үлгісін ұсынды. Лаффер қисығының сызбасы туралы мәліметті «Экономикс» оқулығының алдыңғы тарауларында көрсетілген 9.6-сызбасынан қарап, түсінуге болады.

Лаффер қисығы – салық мөлшерлемесі мен салықтық түсімдер арасындағы өзара тәуелділікті көрсететін қисық сызық.

Лаффер қисығына сәйкес, салық мөлшерлемесінің белгілі бір максималды деңгейінде салықтық түсімдер ең жоғары деңгейі жетеді және салық мөлшерлемесінің деңгейі одан әрі көтерілгенде салықтық түсімдер төмендей бастайды. Демек, салық мөлшерлемесі деңгейінің шегі болады. Көптеген экономистер Лаффер теориясына сенімсіздікпен қараса да, ол тәжірибе жүзінде сол кездері АҚШ пен Ұлыбритания саясаттарында аса ықпалды болып, салық мөлшерлемесін, әсіресе табыс салығы мөлшерлемесін қатаң қысқартуға шешім қабылдаған.

Лаффер қисығы және оның теориясы туралы мәліметтерді «Экономикс» оқулығының 768-769-беттеріндегі «кейс» мысалынан оқуға болады.

Жиынтық ұсынысты ынталандырушы саясат өкілдерінің пікірінше, корпоративтік табыс салықтарының жоғары деңгейі жеке тұлғалар мен кәсіпкерлерге кедергі болады, олардың инвестициялық белсенділігін төмендетіп, ынталарының жоғалуына алып келеді. Фирмалар мен жеке тұлғаларды салықтан қашуға және салықтан жалтаруға әкеледі. Салық мөлшерлемесінің жоғары болуы фирмалар мен жеке тұлғаның салық төлеу қабілеттіліктерін төмендету жолдарын іздеуге ынталадырады. Олар ақшаларын өнімділікке маңызды түрде әсер етпейтін және салық салынбайтын активтерге айналдыра бастайды.

Салық салу механизмі және салық ауыртпашылығы туралы мысалдарды «Экономикс» оқулығының 767-бетінен оқуға болады.

Сәйкесінше, адамдардың жеке табыс салықтарын және бизнестің корпоративтік табыс салықтарын қысқарту адамдардың жұмысқа орналасуын және кәсіпкерлердің ынта-жігерлерін көтереді. Салық мөлшерлемесі төмендесе, адамдар тапқан табыстарының басым бөлігін сақтайды, оның әсері жалақының өскеніндей болады. Табыс әсері күшейтіледі және еңбек ұсыныс артады.

Сонымен, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсынысты ынталандыруға бағытталған фискалдық саясаттың талдаулары аса қарапайым. Шынайы экономиканы зерттеуде және экономиканың күрделі мәселелерін шешуде фискалдық саясаттың аталған құралдарына ғана жүгіну жеткіліксіз. Сондықтан, фискалдық саясаттың жүргізілуімен қатар, экономикалық белсенділікті көтерудің басқа да саясат құралдарын да осымен бірге қолданып, тиісті нәтижелерге қол жеткізу қарастырылады. Ол туралы біз келесі дәрісте айтатын боламыз.



Түйін

1. Фискалдық саясат экономиканың күрделі мәселелерін шешу мақсатында үкіметтің мемлекеттік сатып алулар мен салық салу деңгейін саналы түрде өзгерту арқылы экономикалық белсенділік деңгейіне әсер ету шараларына бағытталады. Фискалдық саясаттың құралдары бюджет шығындарын өзгерту немесе мемлекеттік сатып алулар және салық салу мөлшерлемесін өзгерту арқылы көрініс табады.

2. Балансталған бюджет мемлекеттің салықтық түсімдерден және пайыздық мөлшерлемеден алған қаражаттың жалпы сомасы оның пайыздар бойынша міндеттемелерді қосқандағы шығындар көлеміне тең болуын көрсетеді.

3. Автоматты тұрақтандырғыштар қандай да бір арнайы саяси шешімдерсіз өтетін, рецессия кезіндегі жиынтық сұранысты ынталандыруға бағытталған фискалдық саясаттағы өзгерістер дегенді білдіреді. Үдемелі салық салу жүйесі автоматты тұрақтандырғыштардың аса маңызды құралы болады.

4. Лаффер қисығы салық мөлшерлемесі мен салықтық түсімдер арасындағы өзара тәуелділікті көрсетеді. Лаффер теориясының мәні экономиканың жеке секторының инвестициялық белсенділігін арттыру үшін салық жүйелерін реформалау, еңбек нарығын жақсарту және кәсіпкерлік қызметті ынталандыру шараларын дамытуға бағытталады.

Шолу сұрақтары:

1. Фискалдық саясат дегеніміз не және ол қандай құралдар арқылы жүзеге асырылады?
2. Фискалдық саясаттың нәтижелері экономикалық дағдарыс кезінде қалай болады?
3. Экономикалық қызып кету кезінде фискалдық саясат қалай жүргізіледі?
4. Фискалдық саясаттың түрлері қандай?
5. Автоматты тұрақтандырғыштар дегеніміз не?
6. Ұсыныс экономикасын жақтаушылар нені зерттейді?
7. Лаффер теориясының мәні неде?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б.

2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 6-тарау.

3. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 1, глава 2, Раздел 2, глава 4.

4. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – Спб.: Питер, 2011. Глава 11.

5. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Глава 6.

6. Курс экономической теории: учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика). Глава 22.

7. Селищев А.С. Макроэкономика. 3-е изд.-Спб.: Питер, 2005. Глава 1.

8. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. 2-изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Раздел 1, глава 1.

9. Н. Грегори Мэнкью. Принципы макроэкономики. 4-е изд. / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2012.–544 с.